

---

# ҚАРЖЫ-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІ

## ФИНАНСОВО-КРЕДИТНАЯ СИСТЕМА

### FINANCIAL-CREDIT SYSTEM

ӘОЖ 368.339

А.К. Сембеков, Е.Г. Будешов, А.М. Тынгишева

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университеті, Қазақстан  
(E-mail: amir\_sembekov@mail.ru)*

### Еуропалық сақтандыру нарығын қалыптастыру тәжірибесі

Мақала Еуропалық сақтандыру нарығының қалыптасуы мен қызмет ету тәжірибесін зерттеуге арналған. Авторлармен Еуропалық одақ елдері сақтандыру нарықтарының өзін-өзі реттеуі мен реттеу ерекшеліктері айқындалып, аталған елдердегі негізгі реттеу үлгілері қарастырылып, Еуропалық одақ сақтандыру нарықтарының өзгешеліктері анықталды. Еуропалық сақтандыру нарығын қадағалаудың халықаралық жүйесі саласында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Еуропалық одақтың сақтандыруды қадағалау жүйесін зерттеу негізінде авторлармен Еуразиялық экономикалық одақ аясында тұтынушыларды сақтандыру қызмет көрсетулері тәуекелдерінен қорғаныс пен қаржылық тұрақтылықты кепілдендіретін, бірыңғай сақтандыруды қадағалаудың қалыптастыру қажеттілігі шарттастырылған. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша Еуразиялық сақтандыру нарығын қадағалаудың тиімді жүйесін құру үшін авторлармен келесідей ұсынымдар берілді: тәуекелдерді басқару бойынша комитет құру, мемлекетаралық сақтандыруды қадағалаудың ортақ органын қалыптастыру, мемлекетаралық өзін-өзі реттеу сақтандыру бірлестіктерін құру. Берілген мақала «ЕАЭО интеграциясы жағдайында ұлттық сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігі» 3988/МҚ4 ғылыми жобасы шегінде жарияланған және ғылыми зерттеулерді ақпараттандыру мақсатында қолдану үшін арналған. Нәтижелерді қолдану аймағы: зерттеу жұмысының нәтижелері сақтандыруды қадағалаудың тиімді жүйесін құру үшін Еуразиялық экономикалық одағының мемлекетаралық реттеу органдарымен қолданылуы мүмкін.

*Кілт сөздер:* сақтандыру нарығы, мемлекеттік реттеу, өзін-өзі реттеу, сақтандыруды қадағалау органы, Еуропалық одақ, директивалар, Еуропалық сақтандыру нарығы, Еуразиялық сақтандыру нарығы, қаржы нарығы, тәуекелдер.

Еуропалық сақтандыру нарығының қалыптасуы 1957 жылдың 25 наурызында Еуропалық экономикалық қауымдастықтың (ЕЭҚ) 6 құрылтайшы-мемлекеті: Бельгия, ГФР, Франция, Италия, Люксембург, Нидерланды қол қойған Рим шартын қабылдаған кезден бастап есептеледі. Сақтандыру нарықтарының қызмет етуінің бастамасы Рим шартының 54, 59 және 69-баптарының ережесіне негізделген, оның ішінде 54-бап «мекеме еркіндігі» құқығын белгілейді, ол бойынша ЕЭҚ территориясындағы мемлекеттің бірінде тіркелген заңды тұлғалар қауымдастықтың кез келген елінде тең шартты үлгіде өкілдігін немесе бөлімшесін ашу құқығына ие; 59-бапта «қызмет көрсетуді ұсыну еркіндігі» құқығы бекітілген; ЕЭҚ территориясындағы мемлекеттің бірінде тіркелген заңды тұлғалар заңнамалық шектеулерінсіз тұтынушыларға қызмет көрсетуді ұсыну құқығына ие; 69-бап «капиталдың еркін қозғалысы» құқығын береді, оған сәйкес, заңды және жеке тұлғалар меншігіндегі қаржы қаражаттарын кедергісіз шартқа қол қойған кез келген мемлекеттердің территориясындағы әртүрлі қаржы құралдарына салуға мүмкіндігі бар.

Еуропалық сақтандыру нарығын құру кезеңдері. Бірінші кезең алғашқы буындағы ЕО Директиваларын қабылдаумен байланысты: өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру бойынша 1973 ж. және өмірді сақтандыру бойынша 1979 ж. Аталған директивалар Еуропалық сақтандыру

нарығының қызмет ету негізінің іргетасы болып табылады және соның негізінде сақтандыру қызметін реттеудің негізгі әдістемесі қалыптасады:

- бірыңғай сақтандыру құқығын қалыптастыру мақсатында бірыңғай түсінік аппаратын құру;
- сақтандырушыларды өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын қоғам мен сақтандырудың басқа да түрлерін жүзеге асыратын қоғамдарға бөлу;
- сақтандыруды қадағалау мен лицензиялау мақсатында бірыңғай сақтандыру қызметі түрлерінің сыныптамасын қалыптастыру;
- сақтандыру ұйымдарының бірыңғай тәртібі мен мекеме шарттары, оның ішінде сақтандыру капиталы көлеміне қатысты талап, сонымен қоса сақтандыру ұйымдарының инвестициялау және қалыптастыру ережелері.


Екінші кезеңде екінші буын директивалары қабылданды (1988 ж. өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру және 1990 ж. өмірді сақтандыру бойынша), олар өз кезегінде ЭКІО бірыңғай есептілік бірлігінің негізінде сақтандырушылар қаржылық жағдайын бағалаудың бірыңғай қағидаттарын бекітті, оған қоса ұлттық құқықтың жарамдылығы мен сақтандыру шартының қызметі үшін тәуекелдерді бөлудің маңызды критерийлерін бекітті.

Осы кезеңде, сақтандырудың басқа түрлеріне қарағанда, өмірді сақтандыру нарығының интеграциясының үрдісі біршама баяу дамығанын айту керек. Өмірді сақтандырудан басқа сақтандырудың интеграциясы үдемелі қарқында жүрді, оның себебі мүлікті және басқа да тәуекелділігі салыстырмалы түрде жоғары сақтандыру түрлеріне мамандандырылған еуропалық ірі сақтандырушыларға тікелей сақтандыру бойынша көрші ұлттық нарықтарға ену қажеттілігі туындап, қызығушылығын танытты.

Еуропалық сақтандыру нарығын құрудың үшінші кезеңі тәуекелді қабылдаушы мемлекеттер мен сақтандыру өнімін шығаратын бас компания орналасқан мемлекеттер арасындағы реттеу қызметін қайта бөлумен байланысты. 1992 ж. қабылданған ЕЭҚ Директиваларының үшінші буыны «еуропалық паспорт» жүйесін енгізу мен бірыңғай сақтандыру нарығының негізін құру үрдісін аяқтады. ЕЭҚ мемлекеттерінің бірінде заңды тұлға ретінде тіркелген сақтандыру компаниясы ЕЭҚ-ның барлық территориясы бойынша өз мемлекетінің бақылауында қала отырып, филиалдар, агенттіктер, трансшекаралық сауда арқылы сақтандыру өнімдерін сатуына, не өткізуіне құқығы бар.

Қазіргі таңда бірыңғай еуропалық сақтандыру нарығын қалыптастырудың төртінші кезеңінде сақтандыру шарттарын мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттарын үйлестіруге бағытталған директиваларды қалыптастыру және өңдеу жұмыстары жүргізілуде.

2010 ж. дейін ЕО елдерінде мемлекетаралық деңгейде сақтандыруды қадағалау жүйесі сақтандыру мен зейнетақыны қамтамасыз етуді қадағалау бойынша Комитетімен жүзеге асырылды (сур. қара.). Әлемдік қаржылық дағдарыс әсерінің нәтижесінде аталған комитет қызметінің тиімсіз жақтары айқындалып, сәйкесінше, Еуропалық комиссия мүшелерінің шешімімен 2011 ж. 1 қаңтарынан бастап, штаб-пәтері Франкфурт қаласында орналасқан қаржылық қадағалау органдарының құрылымында сақтандыру және зейнетақыны қамтамасыз етудің Еуропалық ұйымы қалыптасты (EIOPA – European Insurance and Occupational Pensions Authority). Еурокомиссия сарапшыларының пікірінше, қадағалау және реттеу бойынша ЕО комитеттері (банктік қадағалаудың еуропалық органдар Комитеті – Committee of European Bank Supervisors, бағалы қағаздар нарығын реттеудің еуропалық органдар Комитеті – Committee of European Securities Regulators және ЕО елдеріндегі сақтандыру және зейнетақыны қамтамасыз етуді қадағалау бойынша Комитет – Committee of European Insurance and Occupational Pensions Authority) өздеріне жүктелген қызметтерді тиімді жүзеге асыруға жағдайы келмейді, себебі ЕО-қа мүше-мемлекеттердің ұлттық органдарына тек ұсынымдар шығару мүмкіндігі болды. Сонымен бірге тәуекелдерді басқарудың тиімділігі әлсіз, ақпараттық алмасу механизмі жоқ болды. Сақтандыру және зейнетақыны қамтамасыз етудің Еуропалық ұйымымен қатар жүйелі тәуекелдер бойынша Еуропалық кеңес құрылды. Сонымен қатар Solvency II тәуекелдерді бағалау моделін енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылданды. Solvency II моделін қабылдау қажеттілігін негіздейтін Еуропалық комиссия меморандумында ағымдағы төлемқабілеттілік талаптары ескіргені туралы мәлімделген, себебі олар жана тәуекелдердің пайда болуына мән келтірмейді және сақтандыру компаниялары топтарының қызметін реттеуге шамасы жетпей, реттеудің тым үлкен көлемі ұлттық деңгейде қалып қойып отыр [1; 217].



Сурет. Еуропалық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің жүйесі

Сақтандыруды реттеудің мемлекетаралық деңгейдегі Еуропалық жүйесі мемлекеттік реттеу және өзін-өзі реттеу элементтерінен тұрады (1, 2-кесте).

I - кесте

**Еуропалық одақ сақтандыру нарықтарын мемлекеттік реттеу органы**

1	2
Аустрия	Қаржы нарықтары бойынша орган (Finanzmarktaufsicht – FMA)
Бельгия	«Твин Пикс» екі жақты қадағалау моделі – Бельгия Орталық банкі (De Nationale Bank van België) және қаржы нарықтары мен қызмет көрсетулері бойынша орган (De Autoriteit voor Financiële Diensten en Markten – FSMA)
Болгария	Қаржылық қадағалау бойынша Комиссия (Комисия та за финансов надзор)
Ұлыбритания	Кенесші құқығына ие реттеуші орган (The Prudential Regulation Authority – PRA) және қаржылық басқару органы (The Financial Conduct Authority – FCA)
Венгрия	Қаржылық қадағалау органы (Pénzügyi Szervezetek Állami Felügyelete – PSZAF)
Германия	Қаржылық қадағалаудың федералдық органы (Bundesanstalt für Finanzdienstleistungsaufsicht – BaFin) және федералдық жерді қадағалау органдары
Греция	Сақтандыру компаниялары мен актуарийлерді басқару, дамыту министрлігі (Ministry of Development, Direction of Insurance Companies & Actuary)
Дания	Қаржылық қадағалау органы (Finans tilsynet – DFSA)
Ирландия	Ирландия Орталық банкі (Central Bank of Ireland)
Исландия	Қаржылық қадағалау органы (Fjármál aeftirliti – FME)
Испания	Зейнетақы қорлары мен жалпы сақтандыруды басқару, экономика министрлігі (Ministerio de Economía, Dirección General de Seguros y Fondos de Pensiones)
Италия	Сақтандыруды қадағалау органы (Istituto per la Vigilanza sulle Assicurazioni Private e di Interesse Collettivo – ISVAP)
Кипр	Қаржы министрлігі (Υπουργείο Οικονομικών)
Латвия	Қаржы нарықтары мен капитал бойынша комиссия (Finanšuun kapitāl atirgus komisija – FKTK)
Литва	Сақтандыруды қадағалау бойынша комиссия (Draudimo priežiūros komisija – DPK)
Лихтенштейн	Қаржы нарықтары бойынша орган (Finanz marktauf sicht – FMA)
Люксембург	Сақтандыру бойынша комиссия (Commiss ariataux Assurances – CA)
Мальта	Қаржылық қызмет көрсету бойынша орган (Awtoritaghas-Servizzi Finanzjarjita’ Malta – MFSA)
Нидерланды	Нидерланд Банкі (De Nederlandsche Bank – DNB)
Норвегия	Қаржылық қадағалау органы (Finans tilsynet)
Польша	Қаржы министрлігі (Ministerstwo Finansów) Қаржылық қадағалау органы (Komisja Nadzoru Finansowego – KNF)
Португалия	Португалия сақтандыру институты (Instituto de Seguros de Portugal – ISP)

1	2
Румыния	Сақтандыруды қадағалау бойынша комиссия (Comisiade Supraveghere a Asigurarilor)
Словакия	Қаржы министрлігі (Ministerstvo financií) Словакия Халық банкі (Úradpre finančnútrh – UFT)
Словения	Сақтандыруды қадағалау агенттігі (Agencijaza Zavarovalni Nadzor – AZN)
Финляндия	Сақтандыруды қадағалау органы (Vakuutus valvonta virasto – VVV)
Франция	Сақтандыруды қадағалау бойынша комиссия (Autorité de contrôle des assurances et des mutuelles – ACAM)
Чехия	Чехия Ұлттық банкі (Českánárodní banka)
Швеция	Қаржылық қадағалау органы (Finansins pektionen – FI)
Эстония	Қаржы бойынша инспекция (Finants inspeksioon)

Еуропалық одақтың алдыңғы қатарлы мемлекеттеріндегі реттеу жүйесін қарастырамыз. Британдық мемлекеттік реттеу жүйесі ақпараттық ашқытығы мен жариялылығымен ерекшеленеді, бұл сақтандыру ұйымдары мен сақтандыруды мемлекеттік қадағалау органдарына қатысты. Ұлыбританиядағы сақтандыру қызметін реттеудің либералдылығы мемлекеттік реттеу жүйесімен өзара тығыз байланысты, әлем бойынша айрықша дамыған өзін-өзі реттеу жүйесімен дәлелденеді. Британдық өзін-өзі реттеу ұйымдары мамандандырылған және нақты шектелген құзыреттілікке ие. Мысалы, сақтандыру брокерлерінің қызметі толығымен сәйкес қауымдастығымен реттеледі. 2013 ж. 1 сәуірінен бастап қаржылық қызмет көрсету бойынша Басқарма (FSA) екі жаңа реттеуші органдармен алмастырылды: The Prudential Regulation Authority (PRA) компанияның қаржылық тұрақтылығының негізгі аспектілерін реттейді; The Financial Conduct Authority (FCA) компанияның шаруашылық қызметін реттейді.

Германия сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу жүйесі. Германияда сақтандыруды қадағалау Германия Федеративтік Республикасы федералдық жүйесіне сәйкес федералдық жерлер және федералдық үкімет арасында бөлінеді. Сақтандыруды қадағалау органдарының шығындарын қаржыландыру сақтандыру сыйақыларынан міндетті аударымдар арқылы сақтандырушылар есебінен жүзеге асады. (BaFin) қаржылық қадағалаудың федералдық органы федералдық үкімет атынан сақтандыру қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Франциядағы сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу. Франция сақтандыру қызметін өзін-өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің өзара байланысының жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Мысалы, сақтандырушыларға ұсынылатын сақтандыру ережелерін, типтік құжаттарды өндеуді қоса алғанда сақтандырушыларды лицензиялауға сақтандырушылар бірлестігі белсенді түрде қатысады. Францияда сақтандыруды қадағалауды сақтандыру қызмет көрсетулері бойынша агенттігі жүзеге асырады (Organismesdusecteurdel'assurance – ACP), ол өз кезегінде өзара сақтандыруда, сақтандыруда және қайта сақтандыруда қолданылатын заңдар мен ережелердің сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді, сақтандыру топтары мен зейнетақы қорларының қызметін реттейді [2; 11].

Өзін-өзі реттеу сақтандырушылардың халықаралық бірлестіктерімен жүзеге асады. Олардың Еуропадағы ең бастысы – Еуропалық сақтандыру. 2012 ж. наурыз айына дейін ұйым «Еуропалық сақтандыру комитеті» деп аталынды. ЕСК – сақтандыру бойынша комитеті (Comite Europeen des Assurances, CEA) – Еуропалық Қауымдастықтың құрылуына дейін 5 жыл бұрын 1953 ж. халықаралық ауқымда еуропалық сақтандыру нарығының қызығушылығын, мүддесін ұсынатын және Еуропада сақтандыруды дамытуға жағдай жасауға тартылған үйлестіруші орталық ретінде қалыптасты. Негізгі міндеті – халықаралық ұйымдарда ЕО-қа мүше-мемлекеттер сақтандырушылардың қызығушылығын таныту. ЕСК жұмысының бағыты – бұл қоғамда сақтандыру мәдениетінің қалыптасуына жағдай туғызу, конференциялар ұйымдастыру, сақтандыру саласында баспа қызметі, сақтандырушылардың ақпараттық қамтамсыз етілуін дамыту, халықаралық құқық нормаларын өндеуге қатысу, ұлттық нарықтардың қатысушыларының экономикалық қызығушылығын үкіметпен өзара байланысында қорғау және т.б. [3].

## ЕО сақтандыру нарықтарының өзін-өзі басқару ұйымдары

Паритетті институттардың Еуропалық ассоциациясы (European Association of Paritarian Institutions – AEIP)
Кооперативтерді сақтандыру мен өзара сақтандыру қоғамдарының Еуропалық ассоциациясы (Association of Mutual Insurers and Insurance Cooperatives in Europe – AMICE)
Еуропалық тұтынушылар ұйымы (Bureau Européen des Unions de Consommateurs – BEUC)
Сақтандыру делдалдарының Еуропалық федерациясы (European Federation of Insurance Intermediaries – BIPAR)
«CFO Еуропадағы сақтандыру» форумы (European Insurance CFO Forum – CFO)
Тәуекелдерді басқару бойынша басшылар форумы (Chief Risk Officers Forum – CRO)
Бюро Кеңесі (Council of Bureaux – COBX)
Қаржылық есептілік бойынша Еуропалық кеңес тобы (European Financial Reporting Advisory Group – EFRAG)
Зейнетақыны қамтамасыз ету бойынша Еуропалық федерация (European Federation for Retirement Provision – EFRP)
Аджастерлердің Еуропалық федерациясы (Fédération européenne des Unions professionnelles d'Experts en Dommages après Incendie et risques divers – FUEDI)
Актуарийлердің Еуропалық кеңес тобы (European Actuarial Consultative Group)

Сонымен, ЕО-қа мүше-мемлекеттер мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі реттеу әдістерін байланыстыра отырып, сақтандыру шарттарын жасау барысында сақтанушылар еркіндігі мен экономикадағы мемлекеттің қатысу деңгейінің төмендігі мен бәсекеге қабілетті нарықтың артықшылығын қалыптастыруға қатысты келісімге қолжеткізеді. Сақтандыру бизнесі әрқашанда мемлекеттің қатаң бақылауында, себебі мемлекет оның тұрақты дамуының қажеттілігі мен маңыздылығын түсінеді. Қазіргі таңда ЕО-қа мүше-елдердегі сақтандыруды қадағалаудың мемлекеттік органдары бірыңғай бәсекеге қабілетті жүйені қамтиды [2; 13].

Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы шартқа қол қойғаннан кейін сақтандыру қызмет көрсетулерін тұтынушылардың тәуекелдерінен қорғаныс пен қаржылық тұрақтылықты кепілдендіретін бірыңғай сақтандыруды қадағалау орнын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Еуразиялық сақтандыру нарығын реттеудің моделін құру негізіне Еуропалық одақтың тәжірибесін қолданған жөн. Еуразиялық экономикалық кеңістікті қалыптастыру Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) кеңістігінде қаржылық интеграцияны дамытудағы маңызды кезең болып табылады. ЕАЭО бірыңғай сақтандыру нарығының негізін қалаушы құжаттарға: ЕАЭО туралы шарттың XVI-тарауы «Қаржы нарықтарын реттеу» және оның №17 қосымшасы, Қаржы нарықтарында қызметтерді жүзеге асыру талаптары туралы Ақпаратпен алмасу, оның ішінде қаржы саласындағы құпия ақпаратпен алмасу туралы Келісімдер жатады. Сонымен қоса ЕЭК ұлттық реттеушілермен бірлесе отырып, Қаржы саласындағы заңнаманы үйлестіру жоспары өңделуде. Аталған құжаттар капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру нарығы бір бөлігі болып табылатын қаржы нарықтарында жағдай жасауға бағытталған.

ЕАЭО шартына сәйкес, ортақ сақтандыру нарығы мүше-мемлекеттер нарығының келесідей сәйкес белгілерін білдіреді:

- мүше-мемлекеттердің сақтандыру нарығы саласында реттеу мен қадағалауға қатысты үйлестірілген талаптары;
- лицензияларды өзара мойындау;
- ЕАЭО территориясында заңды тұлға ретіндегі қосымша мекемесіз сақтандыру қызмет көрсетулерін ұсынуды жүзеге асыру;
- мүше-мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында әкімшілік ынтымақтастыққа, оның ішінде ақпарат алмасу жолымен.

Ағымдағы кезеңде ортақ нарықты қалыптастыру, ең алдымен, қаржы, оның ішінде сақтандыру саласында ұлттық заңнаманы үйлестірудің шегінде сақтандыру нарықтарын келісілген реттеуі жүзеге асатын құрылымдалған дәйекті үрдісті білдіреді.

ЕАЭО-на мүше-мемлекеттер сақтандыру нарықтарының ұлттық реттеушілері келесідей органдармен ұсынылады (3-кесте).

**ЕАЭО сақтандыру нарықтарының мемлекеттік реттеу органы**

Қазақстан	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ресей	Ресей Федерациясының Орталық Банкі
Беларусь	Беларусь Республикасының Қаржы министрлігі
Армения	Армения Республикасының Орталық Банкі
Қырғызстан	Қырғызстан Республикасының мемлекеттік қаржылық қадағалауы

Ұлттық сақтандыру нарықтарының дамуына байланысты өзін-өзі реттеу ұйымларының белсенді рөлі байқалады. Төмендегі 4-кестеде ЕАЭО-қа мүше-елдерде қызмет ететін өзін-өзі реттеу ұйымдары көрсетілген.

**ЕАЭО-қа мүше мемлекеттер сақтандыру нарықтарының өзін-өзі реттеу ұйымдары**

Қазақстан	Қазақстанның сақтандырушылар ассоциациясы
Ресей	Бүкілресейлік сақтандырушылар одағы (БСО)
Беларусь	Беларусь сақтандырушылар ассоциациясы
Армения	Армения сақтандыру нарығы қатысушыларының ассоциациясы
Қырғызстан	Қырғызстан Республикасының сақтандырушылар ассоциациясы

Еуропалық сақтандыру нарығының өзін-өзі реттеу тәжірибесін зерттеу нәтижесі бойынша аймақтық сақтандыру нарығын сақтандыру кеңістігінің әлемдік аренасында ұсынатын Еуразиялық экономикалық одақ шегінде қызмет етуші өзін-өзі реттеу ұйымдарын құру қажеттігі туындайды.

Сонымен, зерттеу нәтижесі бойынша Еуразиялық сақтандыру нарығының тиімді қадағалау жүйесін құру үшін келесідей ұсынымдар беріледі:

- тәуекелдерді басқару бойынша комитет құру;
- мемлекетаралық сақтандыруды қадағалаудың ортақ органын қалыптастыру;
- Еуразиялық сақтандыру кеңістігінің тиімді қызмет етуінің мақсатында мемлекетаралық өзін-өзі реттеу сақтандыру бірлестіктерін құру қажеттілігі туындайды.

**Әдебиеттер тізімі**

- 1 Волков А.М. Усиление макропруденциального надзора ЕС // Мировая экономика и международные экономические отношения / А.М. Волков. — 2011. — № 7(80). — 52 с.
- 2 Колесникова Т.В. Страхование в системе международных экономических отношений: учеб. пос. / Т.В. Колесникова. — Иркутск: Изд-во БГУЭП, 2015. — 148 б.
- 3 Сақтандыру туралы Қазақстан порталының сайты. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.allinsurance.kz>.

А.К. Сембеков, Е.Г. Будешов, А.М. Тынгишева

**Опыт формирования Европейского страхового рынка**

Статья посвящена изучению опыта формирования и функционирования Европейского страхового рынка. Выявлены особенности регулирования и саморегулирования страховых рынков стран Европейского союза, рассмотрены основные формы регулирования в данных странах, определены различия страховых рынков ЕС. Проведено исследование в области межгосударственной системы надзора Европейского страхового рынка. На основе изученного опыта страхового надзора Европейского союза авторами обусловлена необходимость формирования единого страхового надзора, гарантирующего финансовую стабильность и защиту от рисков потребителей страховых услуг в рамках Евразийского экономического союза. По результатам проведенного исследования для построения эффективной системы надзора Евразийского страхового рынка авторами предложены следующие рекомендации: создание комитета по управлению рисками, формирование общего органа межгосударственного страхового надзора, создание межгосударственных саморегулируемых страховых объединений. Настоящая

статья подготовлена в рамках научного проекта 3988/ГФ4 «Конкурентоспособность национального страхового рынка в условиях интеграции Евразийского экономического союза (ЕАЭС)» и предназначена для использования в целях информирования научных исследований. Результаты исследования могут быть использованы органами межгосударственного регулирования ЕАЭС для построения эффективной системы страхового надзора.

*Ключевые слова:* страховой рынок, государственное регулирование, саморегулирование, орган страхового надзора, Европейский союз, директивы, Европейский страховой рынок, Евразийский страховой рынок, финансовый рынок, риски.

A.K. Sembekov, Ye.G. Budeshov, A.M. Tyngisheva

## Experience of establishing of the European insurance market

The article devoted to the study of European insurance market establishment and development experience. The authors found out regulatory and self-regulatory aspects of the European Union countries, considered the main forms of regulations, identified differences between insurance markets of the European Union countries. The study was carried out in the field of interstate controlling system for European insurance market. Based on the experience of the European Union insurance controlling system, authors identified the needs of consistent insurance controlling system establishment, within the framework of the Eurasian Economic Union, which can guarantee financial stability and protection against the risks of insurance services consumption. On result of the conducted research for creation of effective system of controlling of the Euroasian insurance market by authors the following recommendations are offered: creation of committee on risk management, formation of the general body of interstate insurance controlling, creation of interstate self-regulating insurance associations. This article was published within the framework of the scientific project, named «Competitiveness of the National Insurance Market against the backdrop of the EAEU integration» (3988/GF4) and intended for scientific research. Scope of results: results of a research can be used by bodies of interstate regulation of the EAEU for creation of effective system of insurance controlling.

*Keywords:* insurance market, government regulation, self-regulation, insurance controlling authority, European Union, directives, European insurance market, Eurasian insurance market, financial market, risks.

### References

- 1 Volkov, A.M. (2011). Usilenie makroprudentsialnogo nadzora ES [Strengthening of macroprudentialcontrolling of the EU]. *Mirovaia ekonomika i mezhdunarodnye ekonomicheskie otnosheniia – World economy and international economic relations*, 7(80), 52 [in Russian].
- 2 Kolesnikova, T.V. (2015). *Strakhovanie v sisteme mezhdunarodnykh ekonomicheskikh otnoshenii [Insurance in system of the international economic relations]*. Irkutsk: Izdatelstvo BHUEP [in Russian].
- 3 Saktandyru turaly Kazakstan portalynyn saity [Website of the Kazakhstan insurance portal]. *allinsurance.kz*. Retrieved from <http://www.allinsurance.kz/> [in Kazakh].